ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

(қысқаша)

2025 жылғы 19 маусым №5501-25-00-2/ 1230 іс Павлодар каласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.Т. Ищанов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысыденсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар қаласының №3 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Aray group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 109, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысыденсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар қаласының №3 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны«Aray group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қанағаттандырылсын.

«Aray group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

«Aray group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Т. Ищанов**

Көшірме дұрыс:
Судья **А.Т. Ищанов**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 19.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.07.2025, судья Ищанов А. Т., 28.07.2025